



ҒТАР 16.01.07

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-276-287>

Маңғыстау аймағындағы көне түркілік топонимдер

Ж.О. Артықбаев¹, Б.И. Нұрдәулетова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

(E-mail: bibaisha.nurdauletova@yu.edu.kz)

Аңдатпа. Маңғыстауды әр түрлі кезеңде мекендеген тайпалар мен ұлыстардың тарихы, тілі, әдет-ғұрпы, дәстүрі, діни танымы туралы жүйелі ақпарат жинау үшін Маңғыстау топоареалындағы түрлі кезеңдегі өзгерістерді пайымдаудың маңызы үлкен. Осы бағытта көне жазба құжаттарда, зерттеу еңбектерде, ежелгі карталарда, кейінгі XVIII-XIX ғасырлардағы орыс экспедициясы жазбаларында берілген Маңғыстау топонимдері туралы ақпарат көп рөл атқарады. Сонымен қатар тарихи жазба құжаттардағы, күнделіктер мен есеп-жазбалардағы, карталардағы мәліметтерді салыстырып, бір-бірімен толықтыра отырып, Маңғыстау топоареалының топотүрпатын жаңғыртуға мүмкіндік аламыз. Маңғыстаудың байырғы тұрғындарының жадында консервацияланып қалған топонимдік ақпарат, жер-су туралы білім қорын қайта қарастырамыз.

Қазіргі таңда экологиялық ахуалы ғаламдық мәселеге айналып отырған Каспий теңізі деңгейінің бірде толып, бірде тартылып отыруы, соған сәйкес кейбір аралдардың, түбектердің, шығанақтардың пайда болып, жойылып отыруы, олардың атауларының түрлі карталарда түрліше сақталуы – біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны деуге болады.

Мақаланың мақсаты – Каспий жағалауындағы көне топоним – Ағыс ада атауының шығу тегін сол жерді мекендеген көне түркі тайпалар тілімен байланыста қарастыру. Каспий теңізінде болған аралдар, шығанақтар, олардың осы кезеңге дейін өзгеруі және болашақта да өзгеру мүмкіндігін ғылыми болжау үшін атауларды зерттеу қажет деп ойлаймыз. Маңғыстау топонимдері туралы зерттеулерде Каспий теңізіндегі арал, шығанақ, түбек, мүйіс атаулары назардан тыс қалып келді.

Түйін сөздер: Ағыс ада, Маңғыстау топонимдері, топоареал, Каспий, топокарта, арал, мүйіс, түбек, тілше, Кендірлі, этимология.

Кіріспе

XIX ғасыр ортасына дейін Маңғыстау өңірінде белсенді қолданыста болған жер-су атауларының бірі – *Ағыс ада*. Халық арасында жиі қолданылатын атаудың жазба әдебиетке және географиялық карталарға көбірек түсетіні белгілі, бірақ бұл жерде бір қарама-қайшылық бар. XIX ғасырда ғылыми әдебиеттер мен карталарда Ағыс ада атауын қазіргі Кендірлі шығанағын теңізден бөліп тұрған мүйіспен (*түбекпен*) байланыстырады, ал XVIII ғасыр деректерінде Ағыс ада атауы Каспийдің оңтүстік-шығыс жағалауына жақын орналасқан аралдарға қатысты қолданылды. Сонымен Ағыс ада атауы мүйіске (*түбекке*) қатысты ма, әлде арал атауы ма? Ғылыми мақала осы сұраққа жауап беруді мақсат етеді және Ағыс ада топонимінің түпкі мағынасын айқындауға арналған. Ғылыми әдебиетте жоғарыда көрсетілген қарама-қайшылықтың болуы бір жағынан қисынды, себебі Ағыс ада әуел баста мүйіс (*түбек*) болмаған. Мысалы 1763 жылы Каспийдің шығыс жағалауына жақын жерлерде болған Л.Л. Ладыженский оны арал түрінде суреттей келе, «низменный остров» деп атаған [1, 783-797; 2, 16].

Зерттеу мақсаты – Маңғыстау топонимдерінің хатқа түсу тарихы, яғни ерте замандардағы жазба құжаттарда, зерттеу еңбектерде, көне карталарда, кейінгі XVIII-XIX ғасырлардағы орыс экспедициясы жазбаларында кездесетін Маңғыстау мен Үстірт аймағындағы топонимдердің сипаттамасын, ареалдық белгілерін зерттеу. Маңғыстау топоареалында болып жатқан әртүрлі кезеңдегі өзгерістерді пайымдау, жалпы Маңғыстау өңірінің тарихына қатысты деректер іздеу, Маңғыстауды әр түрлі кезеңде мекендеген тайпалар мен ұлыстар тарихы мен тілі, әдет-ғұрпы, дәстүрі, діни танымы туралы жүйелі ақпарат жинау үшін де топонимдердің тарихын білу маңызды. Аталған жазба құжаттардағы, күнделіктер мен есеп-жазбалардағы, карталардағы мәліметтерді салыстырып, бір-бірімен толықтыра отырып, Маңғыстау топоареалының топотүрпатын жаңғыртуға мүмкіндік аламыз, Маңғыстаудың байырғы тұрғындарының жадында консервацияланып қалған топонимдік ақпарат, жер-су туралы білім қорын қайта қарастыра аламыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Тарихи топонимдерді зерттеу бірнеше ғылымдар контексінде қаралатындықтан, зерттеудің кешенді әдісі қолданылды. Жалпы ғылыми әдістер (индукция, дедукция, салыстыру, жіктеу), лингвистикалық әдістер (концептуалды талдау, тарихи-этимологиялық зерттеу), тарихи-этнографиялық (хронологиялық, деректік) зерттеу және географиялық (картография) әдістері қолданылды. 2023 жылғы Маңғыстаудың оңтүстік аймақтарында жүргізген экспедициялық жұмыстарымыздың нәтижелері, Маңғыстау тарихи топонимдеріне қатысты архив құжаттары және тарихи-әфсаналық деректер зерттеу материалдарына пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Астрахан (*Аштархан*) портының бастығы капитан И.В. Токмачев пен инженер-майор Л.Л. Ладыженский экспедициясы 1764 жылдың көктемінде екі галиот, бір шкоут және тоғыз ескекті, желкенді баржамен Еділ атырауынан теңізге түсіп, Құлалы аралына

жетті. Оның сипаттамасын жасаған соң одан әрі оңтүстікке қарай жылжып Маңғыстауға (түпнұсқада – Маңқышлақ) жақындады. Бірақ жағалауға жақындаған сайын су тайыздап, мұз жүргізбеген соң, Л.Л. Ладыженский бұл жерде бекініс саламыз деген алғашқы жоспа-рынан қайтып, одан әрі жүзеді де, орта ғасырлардан айлақ есебінде белгілі Түпқараған шығанағына кіреді. Бұл жерде жағалаудың сипаттамасын жасаған соң, одан әрі оңтүстікке қарай жүзіп, 1720 және 1731 жылдардағы карталарда көрсетілмеген аралға кездеседі. Бұл арал мен жағалауға параллель жатқан мүйістің арасы жақын еді. Осылайша ресейліктер алғаш рет Кендірлі шығанағын көрді. Жергілікті түркімен тұрғындардан аралдың атының «Ағыс ада» екенін анықтаған зерттеушілер, осы жерден ғажап дәмді тұщы су көзін кездестірді: *«Всего удивительнее, что на острове, если вырыть в пльвучем песку ямку фута в три, то выступит пресная вода. Она лучше всех вод, кои мы до сего места на восточном берегу Каспийского моря находим, а по уверению трухменцев лучше сей воды нигде быть не может»* [1].

Кендірлі шығанағын астрахандық зерттеушілер ұнатты, себебі арал мен мүйіс теңіздің толқындарынан қорғап тұрған шығанақ айлаққа өте ыңғайлы еді, оның үстіне тұщы су көзі бар. Бұл жерде осы мүйіске таяу орналасқан Темір баба қорымында да тұщы, суы мол бұлақ барын ескерген жөн. Өзінің саяхат журналына жазған пікірінде Л.Л.Ладыженский: *«Оная коса с лежащим при конце ее островком в реченном култуке хорошую от морского безопасную гавань делает. В которой вода до пяти сажень глубины, следовательно, великие суда с полным грузом в нее входят могут»* [1], – дейді. «Коса» деп бұл жерде зерттеуші шығыс жағалауға параллель орналасқан мүйісті айтып отыр, ал «култук» дегені тікелей шығанаққа қатысты. Бұл екі сөз де, *қоса, қолтық*, ерте заманнан бері су жағалаған адамдарға белгілі түркілік атаулар. Қазіргі уақытта қазақ тіліндегі әдебиетте бұл мүйісті «Кендірлі тілшесі» деп атайды. Бұл аудармамен келісеміз және мақалада осы тілшенің пайда болуына қатысты Маңғыстау әфсана-аңызын береміз.

Л.Л.Ладыженский саяхатынан кейін мүйіс те, айлақ та шығанақ атымен Кендірлі аталып кетті де Ағыс ада ұмытыла бастады. Ертеде бұл қолтықтың да, шығанақтың да өз атаулары болуы керек деген пікірдеміз, оның бірінші дәлелі Темір баба мен Шопан ата туралы аңыз-хикаялар, екіншіден 1715 жылдары А. Бекович – Черкасский жасаған картада осы шығанақтың «Қызыл» (Кзыл) атануы [2, 160-165]. Бұл жерде жағалаудың шөбінің сипатына қарады ма, әлде судың түсі осы жерде осылай болды ма, әйтеуір Қызыл атануы қызықты мәселе. Тағы бір анықталмаған мәселенің бірі «Кендірлі» атауы, оны көпжылдық кендір шөбімен де, сонымен бірге осы атаудың баламасы ретінде қолданылатын Қызыл қураймен де байланыстырады. Мысалы, М.А.Мирзоев Қызыл атауы «связано с тюркским названием многолетнего растения кендырь или кзыл-курай» дейді [4, 240].


А.Бекович-Черкасский жорығынан кейін Кендірлі шығанағын «Александрбайға» ұқсатып «Петербай» деп атауға әрекет жасалды. Петр І-дің атына қойылған жарамсақатау 1724 жылдан кейінгі карталарда кездесіп қалады. Дегенмен шығанақ түбегейлі Кендірлі атауын сақтап қалды. Кендірлі атауымен Совет үкіметі де «күресті», оның бір көрінісі «Кендірлі шығанағы» орнына «Қазақ шығанағы» деген атаудың ресми қолданыста болуы. Каспий жағалауын біле қоймайтын зерттеушілер арасында Кендірлі мен Қазақ шығанақтарын қатар орналасқан екі шығанақ деп қарастыратын қате түсініктер осы себепті орын алған.

Ағыс ада, Кендірлі т.б. атаулар 1796 жылы жасалған А.И. Ногаев картасында бар. Ресейдің Шығыс саясаты – империяны одан әрі кеңейту жоспарлары, сауда-саттыққа

жол ашу – бәрі қосыла келе XIX ғасыр басынан картографиялық жұмыстардың күшеюіне алып келді. Каспий жағалауына қатысты тыңғылықты жұмыстардың бірі А.Е.Колодкин картасы осы саясаттың негізінде өмірге келді. Ресей Адмиралтейство департаментінің 1808 жылғы тапсырмасымен 1809 – 1817 аралығында Каспийді жағалаған А.Е. Колодкин 1826 жылы 17 картадан тұратын «Каспий теңізі атласын» жариялады. Орыс тіліндегі әдебиетте «Мертвый Култук» аталған Өлі Қолтық шығанағынан бастап Каспийдің оңтүстік жағасындағы Қарабұғазға дейін қамтыған бұл еңбекте көптеген деректер бар. Жайықтың атырауына жақын Өлі Қолтықты орыстар алғашқы бетте Цесаревич шығанағы деп атады, совет заманында бұл суы кетіп, құрғап қалған шығанақ орны Комсомолец атанды. Бұдан оңтүстікке қарай Қайдақ аталатын, құрғап қалған шығанақ орны бар. Бұл жер орта ғасырларда, әсіресе Алтын Орда кезеңінде отырықшы қоныстары көп, сауда-саттық дамыған аймақ екенін тарихи топонимдерден көруге болады. 2024 жылғы экспедициялық зерттеулер кезінде біз Қайдақ сорына жақын орналасқан Бидайлы керуен-сарайының уақыт тоздырған қирандыларын көрдік. Қайдақ тарихынан хабарынан бар Ресей билігі Каспийдің шығыс бетіндегі алғашқыда Ново-Александровское бекінісін осы жерде салмақ болды, бірақ суы кетіп қалған Қайдақ жағасынан сауда керуендері де, балықшылар да алыс жүретін. Ресей бұл бекіністі 1846 жылы амал жоқтықтан Түпқарағанға көшірді (*форт Александровский, форт Шевченко, Ақ Кетік*).

Сонымен А.Е.Колодкин картасына қайта келейік. Штурман А.Е.Колодкиннің 1826 жылы жариялаған «Атлас Каспийского моря» («Каспий теңізінің меркаторлық бас картасы» деп те аталады) *Кендірлі* шығанағы және оған сұғына еніп жатқан *Ағыс Ада* құмды мүйісі көрсетілген (1-сурет) [6].

1-сурет. А.Е. Колодкиннің 1826 жылғы «Каспий теңізінің меркаторлық бас картасынан».
Ағыс Ада құмды мүйісі



1832 жылы Каспийдің шығыс жағалауын зерттеу экспедициясының басшысы болып Г.С.Карелин тағайындалды. Бұл экспедицияның алдында тек табиғи жағдайды ғана емес, сонымен бірге саяси ахуалды да бақылау мақсаты қойылды. Себебі Ресей империясы Хиуа, Бұхара бағытында нақты қадамдар жасай бастады, Атырау мен Кендірлік арасындағы адай қоныстарын бағындыру бірінші кезекте тұрған мәселе еді. Г.С.Карелин зерттеулерінде Кендірлінің стратегиялық жағынан өте пайдалы екендігі айтылады, бірақ Ағыс адаға ерекше көңіл бөлінбеген.

Ағыс ада атауы жазба әдебиетінде жиі аталып келіп соңғы рет 1832 жылғы А.И.Левшиннің «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей» кітабындағы картада көрсетілген. Осы кезеңнен бастап Ағыс ада топонимін әдебиеттен де, карталардан да, басқа деректерден де біз кездестіре қоймаймыз.

XIX ғасыр карталарын одан ертерек кезеңіндегі карталармен салыстыра отырып біз Каспий жағалауындағы көптеген өзгерістерді көреміз. Бұл өзгерістер тек қана табиғи үрдістерді, мысалы теңіздің шығанақтарының құрғауын, аралдардың жоғалып кетуін, немесе жаңа аралдардың пайда болуын ғана емес, сонымен бірге саяси оқиғалар мен жаңалықтарды да көруге болады. Маңғыстау өлкесінің тарихи топонимиялық бейнесін, эволюциясын түсіну үшін бұл кезеңдегі карталардың маңызы зор. Каспий жағалауындағы толып жатқан топонимдер әлі де зерттеуді қажет етеді. Соның бір мысалы бүгінгі күні атала қоймайтын жер-су аттары мол қамтылған 1832 жылғы карта (2-сурет):

2- сурет. 1832 жылғы карта: Маңғыстаудың оңтүстік қапталы



Кендірлі тілшесі (Ағыс ада, Кендірлі мүйісі, Мыс Кендырлы, Мыс Ағыс ада, т.б.) туралы аңыздық дерек. Маңғыстау аймағындағы Ағыс ада, немесе Кендірлі тілшесіне (мүйісіне) ең жақын орналасқан қасиетті орындардың бірі – Темір баба сакралды кешені. Бұл

кешенде әр түрлі дәуірлердің жүздеген ескерткіштері жинақталған. Сонымен бірге бұл кешенге таяу жерлерде «Қырық қыз» сияқты бірнеше оғыздық мәдениет ізін сақтаған ортағасырлық қорымдар бар.

Тақырыпты ашу үшін Темір баба туралы аңыздар аса маңызды қызмет атқарады. Бұл аңыздар әр түрлі оқиғаларға негізделген, бірақ біз үшін маңыздысы Кендірлі тілшесінің пайда болуын Темір баба қасиетімен байланыстыратын нұсқасы. Бұл аңыздың өзі де бірнеше түрлі (*поливариантты*), дегенмен негізгі нұсқада Кендірлі тілшесінің пайда болуын Темір баба мен Шопан атаның кездесуімен түсіндіреді. Соның біреуін қарастырып көрейік:

«Каспий теңізінің жағасында аяғын суға малып отырған Темір баба Хорезм жағынан келе жатқан Шопан атаның аяғының дыбысын естіп отырыпты. Шопан ата қасына келіп, өз жөнін айтып, Темір бабадан жөн, жол сұрапты. Екеуі танысып-біліскен соң Шопан ата Темір бабамен құдірет салыстырғысы келетінін айтады. «Құдіретінді, әуелі, өзің көрсет», – депті Темір баба. Шопан ата тау етегінде жайылып жүрген бір үйір қара құйрықты шөрелеп шақырған екен. Үйірді бастап келген дәу теке Шопан атаның етегін жалап, алдына жата кетеді. Шопан-ата оны пышақсыз бауыздап, жіліктеп, мүшелеп, жайратып тастапты. Осыдан кейін етін терісіне қайта салып, алақанымен бір сипап өткенде, теке сілкініп, үйіріне қарай жөнеледі. Кезек Темір бабаға келгенде ол балағын тізесіне дейін түріп, Көк теңізге қойып кетеді. Теңіз қарсы айырылып, Темір бабаның басқан жері қара жер болып қала береді. Осылайша теңіздің үстімен Темір баба біраз жерге дейін барады. Шопан ата неғып тұр екен деп артына бұрылса, ол сәлдесін шешіп, «әулиелігіңізге сендім, бұдан әрі жүре берсең кәпірлер келетін жол саларсың», – деп қайтарыпты. Кендірлі тілшесі содан қалыпты-мыс. Біз бұл жерде Темір баба құдіреті мен оның өмір сүрген тарихи кезеңі туралы әңгімені толық баяндай алмаймыз. Бұл біздің жыл санауымызға дейінгі Маңғыстауды мекен еткен массагет қауымымен байланысты.

Ағыс сөзінің этимологиясы. Каспий теңізі аралдарына қатысты зерттеулерде Ағыс ада атауының түрік сөзі екендігі, оның судың ағысы деген мағына беретіні айтылады. Мысалы, «*первоначальное название остров Агис-ада тюркское. Оно произошло от сочетания слов «агис» – течение воды, поток...*» [4, 40]. Жоғарыда айтылғандай, кейбір болжамдарда Каспий теңізі суының деңгейі түсуіне байланысты Ағыс ада аралы Кендірлі мүйісімен қосылып кеткен делінеді. Бұған дейін аңызда баяндалғандай, Көк теңіздің қарс айырылған жері қазіргі күні «Кендірлі тілшесі» (*Кендырлыкская коса*) аталады. Бұл тілше Кендірлі шығанағын теңізден бөліп жатыр.

Біздің ойымызша, жоғарыдағы *ағыс* сөзін судың ағысымен байланыстыру ешқандай қисынға келмейді. Шын мәнінде теңіз суы қашанда ағысын тоқтатпайды, ол бір жағы теңізге құйып жатқан өзен және қар сулары, екіншіден, теңіз суының өзінің ішкі айналыстары. Каспий суы теңіз периметрі бойынша қашанда қозғалыс үстінде болады. Сол себептен біз *ағыс* сөзінің этимологиясын басқа жақтан, соның ішінде тарихи заманнан іздеген дұрыс деп есептейміз. *Ағыс* сөзі саха-якут тілінде сегіз санын білдіреді және *ағыс* тұлғасымен жасалған топонимдер де бар. «Ағыс – восемь; ағыс уон – восемьдесят... сылғы ағыса калым в размере 8 лошадей, 8 жеребых кобылиц, 8 быков и 8 стельных коров; в старину, помимо этого, уплачивалось столько же и убитым скотом (курум)» [6, 23-24].

Бұл атауға қатысты қызықты деректерді біз Сарыарқа өңіріндегі жер-су атаулары мен рулық номенклатурадан табамыз. Мысалы Орта жүз құрамындағы Арғын конфедерациясының құрамында толып жатқан рулар бар, насаб нама (*генеалогия*) тұрғысынан олар туу ретіне қарай сатыланып келеді. Бұл насаб-намалық жүйеде ең жоғары орын алатын Қуандық аталатын ру бар. М.Ж.Көпейұлы жинақтаған қазақ шежіресінде Қуандық және оның құрамындағы аталар былайша сипатталады: «Арғынның, бәйбішесінің аты Аргүл бәйбіше делінеді. Мұнан Қотан, Ботан деген екі ұл туған. Ботан қыршын жасында өліп қалып, нәсіл-тұқым қалмаған, Қотаннан Мейрамсопы жалғыз. Оның бірінші әйелінен Қуандық пен Сүйіндік, екінші әйелінен Бегендік пен Шегендік деген ұлдар туған. Бегендік жасында қозғала берген соң Қозған, Шегендік ауызы жабылмай сөйлей берген соң Қақсал атанған-мыс. Қарқабат деген күнінен Қаракесек туыпты. Қуандықтан Есенқарт, Аманқарт, Өмір, Темір, Қарпық, Алтай, яғни алты ұл туады. Ел Есенқарттан тараған ұрпақты Ағыс атап кеткен, Аманқарттың ұрпағы Қалқаман делінеді, Темірден Бөрші туып, соның аты ел ішінде қалған, ал Өмірдің көп тараған баласы Темеш.

Қуандық бабамыздың қартайған уақыты болса керек, кенже балалары Алтай мен Қарпық «тоқал балалары» атанып мал соңында көп жүреді екен. Бір күні ел болып көшеді, жазғы ыстықтың, қырық күн шілде-тамыздың уақыты, қозыны жеке бағып көштің соңынан екі бала да жаяу ілеседі, сол кезде ағалары Ағыс, Қалқаман қолындағы бүркітін «аттың үстінде бөтекесі шайқалады, сендер, әйтеуір жаяу жүрсіндер» деп, кезекпен бүркітін көтертіп қояды. Көштің бір тоқтаған жерінде екі кіші ұлдың өздері ыстықта шөлдеген, өздері жаяу жалпы, оның үстіне бүркітті көтеріп жүрігенін аталары Қуандық көріп ашуланыпты дейді. Сол ашуланған қалпы үлкен ұлы Ағыс пен Қалқаманға «егізін екеу болмасын, екі үйің бірге қонбасын» деп теріс батасын беріпті-мыс» [7, 45].

Қазақ ауызша дәстүрінде тарихи оқиғаларды күнделікті тұрмыстық фольклорлық формулалармен түсіндіретін әдіс бар. Мәселе Қуандық құрамындағы Ағыс, Қалқаман аталарының тым ерте кезеңдегі көші-қондар кезінде қазақ жерінен көшіп кеткендігі болса керек. Мысалы Қуандыққа кіретін Бөрші, Темеш руларының атаулары топоним ретінде Еуропаның орталық және оңтүстік аймақтарында (*Испан, Румын, Мажарстан, Украина т.б.*) кездеседі. Егер Бөрші, Темеш руларының Еуропа жеріне қоныстануын біз Ғұн заманымен түсіндірсек, онда Ағыс, Қалқаман руларының батыс көші одан да ерте уақытта болған. Оның бір дәлелі Еуропа халықтарының қолданысында жүрген латындық «август/ағұс/ағыс» сан есімі.

Біздің ойымызша, Ағыс әуел баста сегіз атадан тұратын Қуандық ішіндегі ірі құрамдас бөліктердің бірі болған. Ерте кезеңдегі көші-қондар себебінен қазіргі уақытта қазақ этносы құрамындағы Ағыс саны өте аз болып есептеледі. Екіншіден, Сарыарқа өңірінде Ағыс Қу аталатын тау жүйесі бар. Бұл жер тарихи фольклорда Қу Қазылық деп те аталады, яғни Он екі Қазылық аталатын Сарыарқа тауларының жүйесіне кіреді. Қазақта «Қазылық – мал кіндігі» деген сөз бар [8, 165]. Ағыс Қу атауын қазақ шежіресінің білгірі М.Ж.Көпейұлы бірнеше тарихи этюдтерде қолданады. Мысалы, «Абылай мен Жарылғап». «Көкшетауда қырық сегіз жыл хандық құрған Абылай хан алпыс кісі жолдаспен бір жорыққа бара жатып жазғытұрым Баянауыл тауына түнепті: елсіз екен, ел жоқ екен.

Түнде аш жатыпты, таң атқан соң; -Алдымызда тамақтанарлық жерде ел бар ма? – деп сұрапты. Бір Керейіт жігіт: – Алдымызда Ағыс-Қудың Қуында Қызылшілік деген жерде Қаракесек Жарылғап бар, – депті...» [7, 91-92].

Жоғарыда баяндалған деректерді қорытындыласақ, *Ағыс* – «сегіз» деген сан есімнің баламасы. Егер «*ағыс*» атауының түпкі мағынасын қарастырсақ оның латындық «август», яғни сегізінші ай ұғымымен байланысты екені байқалады. Осы тұста *ағыс* сөзін түркі тілдерінде «*ауыз*» сөзімен байланыстыра қарастыратындар да бар екенін айтып өткіміз келеді. Мысалы, түрік тілінде AĞIZ, -ğzi (I) is. Ауыз мағынасында қолданылады [9, 25]. Бұлай қарасақ, *ауыз* сөзі *кіреберіс* ұғымымен де байланысты болуы мүмкін. Бұл жорамалды да жоққа шығаруға болмайды.

Ада сөзінің этимологиясы. Ада сөзінің түркмендік генезисі Маңғыстау зерттеушілері арасында аса үлкен дау туғызбайды. Бұл сөз Маңғыстау аймағы тарихына тікелей қатысы бар түркмен тілінен аударған уақытта арал деген мағына береді. Тек есте болатын бір мәселе топоним ретінде қолданған уақытта түркмен тілінде *ада* сөзіне жалғау қосылып отырады. Мысалы *Огурджалы адасы* т.б.

Біздің ойымызша, *Ада* сөзінің көне мағынасын саха тіліндегі «*адары*» сөзі арқылы да зерттеп көруге болады. Бұл сөздің мағынасы – жан-жаққа шашылған, әр жақты, әр келкі т.б. Мысалы «*адарыбыт тістах*» – әр жерде бір тісі бар. Екінші мағынасы – іші кепті деген мағына береді – *бу ат іша адарыйбыт* – «бұл аттың іші кеуіп тұр», үшінші мағынасы алауыздық, алалық [6, 29]. Егер *Ағыс* ада топонимін біз көне тарихи кезеңдермен байланыстыра қарастырсақ, саха тіліндегі «*жан-жаққа шашылған, әр жақты, әр келкі*» деген мағына Кендірлі мүйісіне жақын орналасқан аралдарға тікелей қатысты болуы мүмкін.

Қорытынды

Саха тілінің тарихи өзегі сақ (скуз, скиф) заманында оғыздық негізде қалыптасты деп есептейтін болсақ, *Ағыс* ада ерте кезеңде Сегіз арал деген мағына беруі әбден мүмкін. Ада – «арал» мағынасындағы көне оғыздық сөздің Маңғыстаудың негізгі тұрғындары *Адай* руының атауына да болуы өте қызықты. Адай эпонимінің этимологиясын «дах, дай» тайпасымен байланыстырып, «*адай* – «аралда тұратындар, аралдықтар» деген ұғымды береді» деген көзқарас авторы С.Аманжолов адайларды Геродот пен Страбон сипаттаған, біздің заманымызға дейінгі II ғасырларда Каспий жағасын мекендеген дайлардың тұқымдары дейді. С.Аманжолов, лингвист есебінде дай/*адай* эпонимдерінің өзара ұқсастығына, адайлардың шамамен алғанда біздің жыл санауымызға дейінгі III ғасырда массагеттерді ығыстырып дайлар алған жерлерде өмір сүретініне көңіл аударады [10, 36].

Жоғарыда біз келтірген салыстырмалы деректер Каспий теңізі рельефінің мәңгілік өзгерістер үстінде екенін көрсетеді. Теңіздің суы деңгейінің біресе жоғары көтеріліп, біресе төмен түсіп отыратыны хақ. Ерте кезеңде Каспийдің шығыс жағалауында аралдар көп болғанын теңіз жағалауына әр жерде үстінен төніп тұрған, ерте кезеңде теңіз суы етегін шайып жатқан Үстірт шыңдарына қарап-ақ болжауға болады.

Сонымен қорыта келсек, Каспийдің оңтүстік-шығыс жағалауында кездесетін Ағыс ада топонимі құралуы жағынан да, мазмұны тұрғысынан да күрделі жер-су атауларының қатарына жатады. Біздің ойымызша бұл атау ерте уақытта қолданыла бастаған да сақ-скиф дәуірі, немесе дай (дах) кезеңінде тұрақты топонимге айналған. Адай атауына негіз болған дай (дах, адэ, адай) атауы сақтарға қатысты деген жорамалдың жаны бар деп есептейміз.

Бұл кезеңде сақ қауымдарының ішкі миграциялары кезінде қазақ жерінің орталық және оңтүстік аймақтарын мекендеген дайлар батысқа қарай жылжып массагеттердің орнына қоныстанды. Сақ тайпаларының Сарыарқа жерін жайлаған Омоғой бастаған бір бөлігі Байкөл арқылы қазіргі Якутия жеріне қарай бағыт алды. Б.э.б. VI- V ғғ басында Обь-Ертіс аралығын да қамтыды: «степи и лесостепи Обь-Иртышья и Верхнем Приобье отчетливо фиксируется приток кочевого населения из Северного и Центрального Казахстана, принявшего участие в сложении ряда культур этого региона» (17, с.21).

Қаржыландыру. Мақала ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы жоба аясында жазылды (BR24993043).

Авторлардың қосқан үлесі.

Ж.О. Артықбаев – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, теориялық әдебиетпен жұмыс, материалдар жинау, мәліметтер негізінде тарихи-салыстырмалы талдау жасау;

Б.И. Нұрдәулетова – зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып талдау жүргізу, теориялық және материалдық деректерді жинақтау, мақаланы техникалық рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Извлечения из журнала инженер-майора Ладыженского // Акты, собранные Кавказской археологической комиссией. – Тифлис, 1875. – Т. VI, ч. II, - С.783-797.
2. Семенов-Тянь-Шанский П.П. Географическо-статистический словарь Российской империи. – СПб.: В. Безобразова и Комп., 1863. – 727 с.
3. Берг Л.С. Первые русские карты Каспийского моря // Известия АН СССР. Серия география и геофизика. – 1940. – №2. – С.160-165.
4. Мирзоев М.А. Мангистау: голоса столетий. – Алматы: Казахстан, 1994. – 240 с.
5. Колодкин А.Е. Атлас Каспийского моря (1826) // Российский государственный архив военно-морского флота (РГАВМФ) 1331- фонд, 8 – опись.
6. Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. Т. 1–3. – М.: Академия наук СССР, 1958.
7. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2013. – 446 б.
8. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
9. Байниязов А.Ж., Байниязова Ж.Т. Түрікше-қазақша сөздік. – Алматы, 2007, – 808 б.

10. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алма-Ата: Казучпедгиз, 1959. – 25 б.
11. Артықбаев Ж. Бөрші: Ұлы көш тарихы. [Электронды ресурс]. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/484> (Қаралған күні: 05.06.2024).
12. Карелин Г.С. Путешествия Г.С. Карелина по Каспийскому морю. – СПб., 1883.
13. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992. – 378 б.
14. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч.1-3. – СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832.

Ж.О. Артықбаев¹, Б.И. Нурдаулетова²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан

Древнетюркские топонимы Мангыстауского региона

Аннотация. Для систематического сбора информации о истории, языке, обычаях, традициях и религиозных представлениях племен и народов, населявших Мангыстаускую область в разные периоды, особое значение имеет осмысление изменений в топоареале Мангыстау в различные исторические эпохи. В этом направлении важную роль играют сведения о топонимах Мангыстау, представленные в древних письменных документах, научных трудах, древних картах, а также записях российских экспедиций XVIII-XIX веков. Сопоставление данных из исторических письменных документов, дневников, отчетов и карт позволяет дополнить информацию друг друга и реконструировать топографический облик Мангыстау.

Особое внимание уделяется анализу топонимической информации, сохранившейся в памяти коренных жителей Мангыстау, а также пересмотру накопленных знаний о названиях мест и водоемов. В современных условиях глобальной экологической проблемы, связанной с изменениями уровня Каспийского моря – его периодическим подъемом и спадом, что приводит к появлению и исчезновению островов, полуостровов и заливов, – исследование их названий, зафиксированных на различных картах, становится основным объектом нашего изучения.

Цель статьи – изучить происхождение древнего топонима побережья Каспия – Агыс ада, рассматривая его в контексте языка древнетюркских племен, населявших этот регион. Мы предполагаем, что исследование названий островов, заливов и полуостровов, изменений их форм и вероятных будущих трансформаций будет способствовать научному прогнозированию изменений в Каспийском регионе. В предыдущих исследованиях топонимов Мангыстау названия островов, заливов, полуостровов и мысов Каспийского моря оставались без должного внимания.

Ключевые слова: Агыс ада, топонимы Мангыстау, топорал, Каспий, топокарта, остров, мыс, полуостров, Тильше, Кендирли, этимология.

Zh.O. Artykbayev¹, B.I. Nurdauletova²

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan*

Ancient Turkic toponyms of the Mangystau region

Abstract. To systematically gather information about the history, language, customs, traditions, and religious beliefs of the tribes and peoples that inhabited the Mangystau region in different periods, it is crucial to analyze changes in the Mangystau topo-area across various historical eras. In this context, the information on Mangystau's toponyms, presented in ancient written documents, research works, old maps, as well as in the records of Russian expeditions of the 18th-19th centuries, plays an important role. Comparing data from historical written documents, diaries, reports, and maps allows for the completion of missing information and the reconstruction of Mangystau's topographic features.

Special attention is given to analyzing toponymic information preserved in the memory of the indigenous inhabitants of Mangystau and to re-evaluating the accumulated knowledge about place names and water bodies. In the current global ecological situation, where fluctuations in the level of the Caspian Sea – its periodic rises and falls – lead to the emergence and disappearance of islands, peninsulas, and bays, studying their names as recorded on various maps becomes a key focus of this research.

The purpose of this article is to investigate the origins of the ancient Caspian coastal toponym, Ağys Ada, examining its connection to the language of the ancient Turkic tribes that inhabited the area. We believe that studying the names of islands, bays, and peninsulas, as well as the changes in their forms and the possibilities for future transformations, is necessary for scientifically predicting changes in the Caspian region. Previous studies on Mangystau toponyms have largely overlooked the names of islands, bays, peninsulas, and capes in the Caspian Sea.

Keywords: Agys ada, toponyms of Mangistau, toporeal, Caspian Sea, topomap, island, cape, peninsula, Tilshe, Kendirli, etymology.

References

1. Izvlechenie iz zhurnala inzhener-maiora Ladyzhenskogo [Excerpts from the journal of Engineer-Major Ladyzhensky], Akty, sobrannyye Kazkazskoi arkheologicheskoi komissiei [Acts collected by the Caucasian Archaeological Commission], Tiflis, VI, II, 783-797 (1875). [in Russian]
2. Semenov-Tyan-Shanski P.P. Geograficheskoye-statisticheskoye slovar' Rossiyskoy imperii [Geographical and Statistical Dictionary of the Russian Empire] (V. Bezobrazova i Komp., SPb., 1863, 727 p.). [in Russian]
3. Berg L.S. Pervyye russkiye karty Kaspiyskogo morya [The First Russian Maps of the Caspian Sea], Izvestiya AN SSSR. Seriya geografiya i geofizika [Proceedings of the USSR Academy of Sciences. Geography and Geophysics series], 2, 160-165 (1940). [in Russian]
4. Mirzoev M.A. Mangystau: golosa stoletiy [Mangystau: Voices of the Centuries] (Kazakhstan, Almaty, 1994, 240 p.). [in Russian]
5. Kolodkin A.E. Atlas Kaspiyskogo morya (1826) [Atlas of the Caspian Sea (1826)], Rossiyskii gosudarstvennyi arkhiv voenno-morskogo flota (RGAVMF) [Russian State Archive of the Navy (RGAVMF)], Fund 1331, Inventory 8. [in Russian]

6. Pekarskii E.K. Slovar' yakutskogo yazyka T. 1-3. [Dictionary of the Yakut Language] (Akademiya nauk SSSR, Moscow, 1958). [in Russian]
7. Kopeiuly M.Zh. Shygarmalary. 20 tomdyk shygarmalar zhinagy [Works. Collection of works in 20 volumes] ("EKO" ZhShS, Pavlodar, 2013, 446 p.). [in Kazakh]
8. Bokeikhanov A. Shygarmalar [Works] (Kazakhstan, Almaty, 1994, 384 p.). [in Kazakh]
9. Bainiyazov A.Zh., Bainiyazova Zh.T. Turikshe-kazaksha sozdik [Turkish-Kazakh Dictionary] (Almaty, 2007, 808 p.). [in Kazakh]
10. Amanzholov S. Voprosy diaktologii I istorii kazakhskogo yazyka [The question of Dialectology and the History of the Kazakh Language] (Kazuchpedgiz, Alma-Ata, 1959, 25 p.). [in Russian]
11. Artykbaev Zh. Borshi: Uly kosh tarikhy [Borshi: the History of the Great Migration] [Electronic resource]. Available at: <https://e-history.kz/kz/news/show/484> (Accessed: 05.06.2024). [in Kazakh]
12. Karelin G.S. Putishestviya G.S. Karelina po Kaspiiskomu moryu [Travels of G.S. Karelin in the Caspian Sea] (SPb., 1883). [in Russian]
13. Klyashtorny S.G., Sultanov T.I. Kazakhstan: Letopis' trekh tysyachaletii [Kazakhstan: A Chronicle of Three Millennia] (Rauan, Alma-Ata, 1992, 378 p.). [in Russian]
14. Levshin A.I. Opisanie Kirgiz-kazach'ikh, ili Kirgiz-kaisatskikh ord I stepei [Description of the Kyrgyz-Kazakhs or Kyrgyz-Kaisak hordes and steppes] (Tip. Karla Kraya, SPb., 1832). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Артықбаев Ж.О. – тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Нұрдаулетова Б.И. – филология ғылымдарының докторы, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан.

Artykbayev Zh.O. – Doctor of Historical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Nurdauletova B.I. – Doctor of Philology, Sh. Yessenov Caspian State University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).